

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ



«БІЛІМДІ БАҒАЛАУДЫҢ  
ҚУЗЫРЕТТІ-БАҒДАРЛЫ ЖҮЙЕСІ»  
44-ші ғылыми-өдістемелік конференция  
МАТЕРИАЛДАРЫ  
17-18 қаңтар 2014 жыл  
3-кітап

МАТЕРИАЛЫ  
44-ой научно-методической конференции  
«КОМПЕТЕНТНОСТНО-ОРИЕНТИРОВАННАЯ  
СИСТЕМА ОЦЕНКИ ЗНАНИЙ»  
17-18 января 2014 года  
Книга 3

<b>Амирова Ж.Р.</b> Система оценки знаний студентов на занятиях по дисциплине «Профессионально ориентированный русский язык»	150
<b>Dautova G., Utengaliyeva N.</b> Models and methods of students' test assignments	152
<b>Екжиембаева Л.</b> Мировоззренческая составляющая компетентностно-ориентированных форм контроля	154
<b>Жусанбаева С.</b> Білім беру ісіндегі оқыту әдістемесінің маңызы мен мәні	157
<b>Знарагова А.</b> Innovative teaching technologies	162
<b>Какильбаева Э.Г.</b> Приемы и формы оценки знаний магистрантов по анализу и интерпретации художественного текста	164
<b>Мейрамғалиева Р.М.</b> Формирование компетенции при трактовке образа аль-Фараби в условиях реализации новых программ по литературе	166
<b>Нұрахмет С.М.</b> Студенттердің белсенділігін арттыру амалдары	169
<b>Абдикерова Г.О., Абширайымова Г.С., Омарова А.Г.</b> Методологические и методические подходы, рассматриваемые в рамках курса «Конструирование социальных проблем и социальные ландшафты»	172
<b>Абжалтов С.</b> Диптанулық білім беруде иеліамтануды оқытудың кейбір аспекті мәселелері	175
<b>Аминов С.А., Чинасилова А.М.</b> Визуалды әлеуметтануды оқытудың әдістемесі	178
<b>Әлқожаева Н.С., Толешова Ү.Б.</b> Педагогикалық жобалау инновациялық технологиялар негізінде	182
<b>Бияздықова К.О.</b> Мәдениеттану мамандығын даяртаудағы оқу әдістемелік құралды құрастырудың сапасы	184
<b>Вишневская А.В.</b> Методы преподавания профессионально-этических основ социальной работы в высших учебных заведениях	186
<b>Ергартыңқызы Д., Ельбаева З.У.</b> Жасөспірімдердің девиантты мінез-құлқын алдын алудың әлеуметтік-педагогикалық құралдары	189
<b>Жолдубасва А.</b> Электронный учебник: информационные технологии в образовании	192
<b>Зайнамова М. Р.</b> Дарынды білім алушыларды білімін бағалау мен тәрбиелеудің ерекшеліктері	195
<b>Затов Қ.А.</b> Диптану пәнін оқытудың аспекті мәселелері	198
<b>Итахунова А.А.</b> Білім алушыларды әлеуметтендірудің тетіктері және олардың мүмкіндіктері	200
<b>Қалымбетова Ә.К., Дүйсенбеков Д.Д., Арынбаева Ж.С.</b> ЖОО-дағы оқыту процесіндегі студенттердің коммуникативті қызметтің психологиялық ерекшелігі	204

отырып, Қазақстан қоғамына, қоғам талаптарына сәйкес мемлекеттік діни білім беру жүйесін енгізу маңызды деп ойлаймыз. Осы орайда Дінтану пәнін білім беру жүйесінің барлық сатыларында оқыту - зайырлылық қағидатын басшылыққа ала отырып, жас жеткіншектердің әлемдік және дәстүрлі ұлттық діндердің адамзат оркениетінде және ұлттық мәдениетте алатын орны мен атқарар рөлін, діндердің қоғамдық өмірге тигізер ықпал әсерін, діни дүниетанымның құрылымы мен ерекшелігін, діннің атқарар қызметін игеруге және түсінуге мүмкіндік беретіндігі айқын.

Сенімдік, ақидалық мағынада Матуридилікті ұстанатын қазақ халқы, жалпы еліміздегі мұсылман қауымы сунниттік бағыттағы мұсылмандар екенін айтқанымен сунниттік діни танымның негізін қалаушылардың бірі Матуридиді және оның ілімін қаншалықты таниды? Имам Ағзам Әбу Ханифа мен Имам Матуридидің мұрасын зерттеу жұмыстары жүйелі түрде жолға қойылғанба? Дінтану ғылымының қазіргі Қазақстандағы даму деңгейі қандай дәрежеде және ол мемлекеттік, қоғамдық қажеттіліктерге қаншалықты жауап берін отыр?

Осыған байланысты өз тарапымыздан мынадай ұсыныстарды ортаға саламыз:

Ханафи, Матуриди мұраларын түпнұсқадан қазақ тіліне сапалы түрде аударатын мамандар тобын құру қажет. Оған елімізде араб және түрік тілін білетін дінтанушы, теолог мамандар жеткілікті. Бұл үшін мемлекет тарапынан кезіндегі «мәдени мұра» бағдарламасы секілді бағдарламалар арқылы қолдау көрсетілуі тиіс. Ханафи, Матуриди мұралары қазақ тіліне аударылып, академиялық ортаға жол тартар болса дінтану саласында тың ізденістерге жол ашылары анық. Отандық ғалымдарымыз матуридилік құндылықтарды халқымызға жеткізу арқылы елдің рухани бірлігін нығайтуға өз үлестерін қосар еді.

Ханафи, Матуридилікті зерттейтін мұсылман елдеріндегі ғылыми зерттеу орталықтарымен тығыз қарым қатынас орнату және ол жерлерге мамандарымызды зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін мақсатты түрде бөлінген гранттармен жіберу қажет. Осындай орталықтардың бірі ретінде Түркия Республикасының Станбул қаласында орналасқан «Ислам зерттеу орталығын» айтуға болады. Бұл орталықта ханафилік, матуридилікті ұзақ жылдар бойы жүйелі түрде зерттеп келе жатқан биікті теолог ғалымдар тобы орналасқан. Осы ғалымдармен тәжірибе алмасу жолға қойылса еліміздегі дінтану ғылымы, соның ішінде матуридилікті зерттеу жана сапалық деңгейге көтерілер еді.

Имам Матуриди мен Әбу Ханифаның дініміз ислам туралы көзқарастары мен ойлары қазіргі таңда терең зерттеліп, халыққа жеткізілуі қажет. Әртүрлі теріс ағымдардың ел бірлігіне іріткі салатын жалған ілімдерінен арылып, еркін ойлы, санасы тәуелсіз, **ұлттық рухани мәдениет аясында** ханафилік матуридилік дәстүрді бойына сіңірген тұлғаларды қалыптастыру қоғамдағы діни мәселелерді оңтайлы шешудің бірден бір жолы болып табылады.

Қазіргі таңда республикамызда дінтану бағыты бойынша маман даярлап отырған санаулы мемлекеттік жоғары оқу орындары бар және олардың дені оңтүстік аймақтарда орналасқан. Ақтау секілді орталықтан алыс жатқан аймақта біздің ойымызша «Дінтану» кафедрасын ашу және жергілікті мамандарды даярлау заман талабы. Бұл «діни білім» беруге де қатысты. Себебі батыстағы діни жағдай баршамазға белгілі. Осы арада біз дінтанулық білім мен діни білімнің ара жігін ажыратып алуымыз керек. Дінтану – ол ең алдымен дінді объективті, ғылыми тұрғыда зерттейтін зайырлы мамандық. Ал діни білім – ол дінді ішінен үйрену, белгілі бір дінді насихаттау және сол дін бойынша ғұрыптық қызмет көрсету. Бізде діни білім беруді діни оқу орындары жүргізеді.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстандағы діндер. Жауапты редактор: филос.ғ.д., профессор Байтенова Н.Ж. – Алматы, 2008.
2. Бабаджанов Б.М. Халифат глазами местных богословов: // Проекты сотрудничества и интеграции в Центральной Азии: сравнительный анализ история и современность, возможности и перспективы / Под ред. А.А. Киямаев. Бишкек, 2007.
3. Н.Назарбаев. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан. Астана 2007.
4. Жусупов С. Е. Религиозная, межэтническая ситуация. С. 469. В кн. Политическая аналитика. Исследования. Алматы: «Агпа-б», 2008. -714с.

С.А.Амитов, А.М.Чинасилова

### ВИЗУАЛДЫ ӘЛЕУМЕТТАНУДЫ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ

Визуалды әлеуметтану әдіс ретінде әлеуметтанудың сапалы әдістерінің ішіне кіреді. Арнайы оқу құралдарында әлеуметтік ақпараттардың визуалды дерекнамасы ретінде фотосуреттер, фильмдер, суреттер және т.б. болып табылады. Визуалды ақпарат қат-қабат таралым болып шығарылады және

қоғамның өмір сүру қызметіндегі барлық салаларында ұдайы жаңғыртылып отырылады. Визуалды аппаратты қолдана отыра, әлеуметтанушы социологиялық елестету арқылы қоршаған әлеуметтік әлем құбылыстардың және процестердің тобықтай төркінін анықтауға болады. Мұндай жағдайда өмірдің бұл көрінетін бөлігін талдау және оның социумға ықпал жүргізуі әлеуметтанушылар үшін орасан-зор еркіндікке жол ашылады – қалыпты әдістердің аясынан шығуға мүмкіндік береді, ең бастысы, әлеуметтік шынайлықты тану мүмкіншіліктерін толықтай кеңейтуге болады. «Социологиялық елестету» ұғымын Ч.Р. Миллс социологиялық жалпыламалау принциптерін көрсету үшін енгізілген, яғни нақты дәлелдерді жалпыланған категорияға немесе тенденцияға жинақтау, қарапайым пайымдаушылықтан шығу, және интерпретациялау мен әлеуметтік шынайлықты талдауға оту [1]. Әлеуметтану социологиялық елестетуден тыс мүмкін емес, бұл әлеуметтану саласындағы болашақ мамандардың негізгі құзырлықтарының бірі.

Бұл мақалада жинақталған тәжірибие мен визуалды әлеуметтануды оқытудың әдістемелік ұсыныстары мазмұндалған және де мақсат етіп оқыту тәсілдерін сипаттауды қойып отыр, сонымен қатар визуалды әлеуметтану саласында дағдылар мен білімді қолдануға мүмкін болатын көріністі эмпирикалық зерттеулердің қосалқы әдісі ретінде талдау болып табылады.

«Визуалды әлеуметтану» пәні негізгі оқу жұмыс жоспарының кәсіби модульдерінің міндетті компоненті болып табылады және «Әлеуметтану» мамандығы бойынша оқитын 1-курс студенттерге арналған, сондықтан бағдарлама «Жалпы әлеуметтану» курсының негізгі тақырыптарына сәйкес жасалған. Өткен пәндердің арқасында енді ғана әлеуметтану негіздерін тани бастаған студенттер, әлеуметтану саласында өз білімдерін трендетуге және кеңейтуге мүмкіндік алады, түптеп келгенде студенттердің социологиялық ойлауын дамытуға көмектеседі, сонымен бірге фотосуреттер мен бейне құжаттарды интерпретациялау мен талдау жасай алатын болады [2]. Болашақ әлеуметтанушылар белгілі бір құбылыстардың сыртқы белгілерін фотосуреттеп тіркеу арқылы қоғамның өмір сүру қызметінің тереңге кеткен үрдістерін қалай айырып тануға болатынын үйренеді. Егерде бұл пәнді екі адам оқытатын болса – әлеуметтанушы мен суретке түсіруші, онда бұл курсты студенттер өте жақсы меңгерер еді. Бұл студенттерге фотоаппаратты қолданудың теориялық негіздері мен практикалық дағдыларын толықтай меңгеруге мүмкіндік берер еді. Қажетті материалдарды көрсету үшін сабақ техникалық жабдықталған аудиторияда өткізілуі тиіс, түптеп келгенде осы курстың теориялық бөлігін жылдамырақ меңгеріп пысықтаудың негізін қалауға көмектеседі. Сонымен қатар оқытушылар тарапынан мұражайларда, мәдениет және демалыс саябақтарында, кошелерде және тағыда басқа қоғамдық орындарында бақылау ұйымдастырылуы қажет. Бұл өз кезегінде студенттерге социологиялық елестету мен ойлаудың теориялық білімдерін пысықтап дамытуға жетелейді. Курстың негізгі мақсаты әлеуметтік ақпараттарды таратудың иесі ретінде фотосуреттер мен бейне материалдарды қолдану және фотоқұжаттарды аналитикалық интерпретациялау дағдыларын дамыту.

Бұл курстың міндеттері:

- визуалды мағлұматтардың жалпы мағынасын қалыптастыру;
- визуалды талдаудың негізгі тәсілдер өзгешеліктерін түсіндіру;
- аналитикалық дағдыларды дамыту, социологиялық ойлауды дамыту;
- фотосуреттерді социологиялық талдаудың әдістерін оқыту;
- студенттерді әлеуметтанулық зерттеулерде талдаудың визуалды әдістерін қолдануға дағдыландыру;
- фотоқұжаттармен ұсынылған әлеуметтік ақпараттарды түсіндіруді үйрету;
- фото құжаттар арқылы берілген әлеуметтік ақпараттарға интерпретация жасауға үйрету (зерттеушілер және зерттелінушілермен жасалынған);
- бірін-бірі өзара толықтыратын әртүрлі әлеуметтанулық әдістерде визуалды ақпараттарды талдау мүмкіншіліктерін көрсету.

Студенттер үшін курсты толық меңгеру қолданбалы әлеуметтанудағы білім мен тәжірибелер жиынтығын игеруге мүмкіндік береді. Аталмыш курсты оқуы студенттердің мынадай құзыреттіліктерді меңгеруін айқындайды:

- визуалды әлеуметтану саласындағы негізгі ұғымдар мен әлеуметтік бағыттарды білуге;
- әлеуметтанудағы әр түрлі әдістердің базалық сипаттамасын білуге;
- фотоға түсірудің негізгі принциптерін және фотосуретті компьютерлік оңдей білуге.

Студент істей біле алады:

- визуалды мәліметтерді әлеуметтанулық ұғымдармен, теориялармен, түсіндірмелі модельдермен байланыстыруды;
- әлеуметтанулық ұғымдарды, категорияларды фотосуреттермен және басқа визуалды мағлұматтармен қорықтандыру;

- «далалық» жағдайда визуалды ақпараттар жинауды.
- Студент дағдыланады:
- әлеуметтік елестету арқылы қоршаған әлеуметтік әлемдегі құбылыстар мен процестердің мәнін зерттеуге үйренуге;
- визуалды мәліметтердің жүйеленуі мен зерттеу нәтижесін таныстыру икемін игеруге;
- кино-фото құжаттармен ұсынылатын әлеуметтік ақпараттарды интерпретациялау дағдыларын үйренуге;
- әлеуметтанулық зерттеулердегі визуалды талдау мүмкіндіктерін көрсетуге;
- әлеуметтік елестету арқылы қоршаған әлеуметтік әлемнің негізгі құбылыстары мен процестерін зерттеуге;
- кәсіби іскерлікте әлеуметтанулық теорияларының негізі мен әлеуметтанулық зерттеу әдістері бойынша базалық және кәсіби-реттелген білім мен тәжірибені қолдана білуге;
- әлеуметтік ақпараттардың әртүрлі дерекнамасымен жұмыс жасау тәжірибелік дағдылануға (фото және басқа да визуалды мәліметтер, ақпараттардың, журналдардың және т.б. статистикалық базасы).

Пәннің әрбір сабағында визуалды әлеуметтанудың теориялық және тәжірибиелік бөлімдерін қамтиды. Визуалды әлеуметтанудың теориялық бөлімінде негізгі әлеуметтанулық ұғымдар және фотокамермен жұмыс жасаудың базалық әдістері қарастырылады. Ал екінші бөлігінде студенттермен олардың үй берілген жұмыстарын талқылаға алынады. Әрбір сабақ нәтижесінде студенттер мақсатты түрде қоғам өмірінен алынған негізделген әлеуметтанулық сюжеттен тұратын ақпараттарды іздестіру мен фотосуреттік тіркелген бір аптаға тапсырма алады. Көрсетілген сюжеттер жалпы әлеуметтану курсының негізінде талқыланатын ағымдағы тақырыптарға сәйкес келеді.

Жалпы алғанда студенттерге сабақтың келесідей тақырыптарын ұсынуға болады: визуалды әлеуметтану және социологиялық елес, фотосуреттің тарихы, күнделікті материалдық мәдениет әлемі, субмәдениет пен контрмәдениет, әлеуметтік стратификация – қалалық ортадағы адам, әлеуметтік өзара әрекеттесу, әлеуметтік институттар, әлеуметтену, қоғам және гендерлік ролдер, жаһандану.

Аралық бақылауды студенттік конференция түрінде тапсырады, әрбір студент немесе 2-3 студенттен тұратын жұмыс жасайтын топ оздерінің фото-бейнелік мағлұматтар арқылы жинақтаған алғашқы маңызды ғылыми жұмыстарын қорғайды. Ең үздік жұмыстарды «Әлеуметтану» мамандығы бойынша Республикалық ғылыми байқауға қатысуға ұсынылады, студенттік жинақтарда басылып жарияланады.

Дәріс жүргізудің теориялық бөлімінде Ч. Миллс, З.Бауман, П.Бергер, П.Бурдьё, Р. Барт, Г.Беккер, Д. Харпер және т.б. еңбектеріне көңіл бөліп зер салған жөн. Жоғарыда көрсетілген ғалымдардың еңбектерін қолдану социологиялық елестетуді, ойлауды кеңейтуге, студенттерді «жарып оту»[3] арқылы қоруді үйретуге, жалпыдағы жалқылықты және жалқыдағы жалпылықты байқауға көмектеседі, яғни социумның ондағы мүшелерінің өміріне барлық жақтарына ықпал етуін жете түсіну, сонымен қатар қоғамдық мәселелерді жеке қиыншылықтардан бөліп алуға (мысалы, жалғыздық мәселесін зерттеуде, бұл мәселе жеке индивид тарапынан емес, әлеуметтік құбылыс көзқарасынан қарастырылады) мүмкіндік береді. Р. Барттың [4] белгілеу деңгейлері туралы тұжырымдамасын қарастыру. Ұжымдық мінез-құлық тәртіптерін және әлеуметтік өзара әрекеттесуді түсіндіру (О. Дюркгейм мен М. Вебер әлеуметтік өзара іс-әрекетті мінез-құлықтан қалай ажыратуды ескере отыра).

Студенттер аудиториялық сабақтан басқа да оқытушылармен бірге көркемөнер мұражайларына барып шығады. Бұл өз кезегінде мысалдың негізінде композиция негіздерін көрсетуге, фотосуреттің қазіргі тенденцияларымен таныстыруға мүмкіндік бере алады, ал ең бастысы, көркемөнер жұмыстарынан әлеуметтік құрамдас болшектерді көре білуге үйрету. Сонымен бірге бірнеше сабақты репортажды суретке түсіру әдісі мен жасырын бақылауға (бұл сабақтар көшелерде өтеді) арнау қажет. Мастер-класс жүргізудің тиімділігіне назар аудару керек.

Студенттің өзіндік жұмысын орындау үшін келесідей алгоритм амалдарын ұсыну қажет:

1. Ортақ бір тақырыпқа біріктірілген фотосуреттің топтамасын жасау.
2. Жинақталған фотоматериалдарды әлде бір тұтас, ажырағысыз ретінде қарастыру. Осыған орай пайда болған негізгі идеялар мен сұрақтарды жазып шығу.
3. Пайда болған сұрақтар бойынша әдебиеттермен жұмыс жасау.
4. Зерттеудің мақсатына сай келетін рет бойынша фотосуреттерді болу.
5. Өз талдауын құрылымдау, жалпы категорияларды бөліп алу, қайталанатын элементтерді, жеке құбылыстарды бөліп көрсету. Не қайталанатынын, қалай алмастыратынын және неге екенін

салыстыру. Бөлінген әр категорияға жете синаттау.

6. Алынған мәліметтерді әлеуметтанулық маңызы бар бір тұтасқа біріктіру. Оны әлдебір тарих ретінде баяндау және негізгі қорытынды жасау.

СӨЖ орындауда студенттерге тақырып таңдауда шектеу қойылмайды, бір ғана қойылатын шарт – таңдалған тақырыптардың әлеуметтік маңызы болу керек. Студенттерге ұсынуға болатын кейбір тақырыптар, мінекей:

- Отбасылық фотосуреттер әлеуметтік уақытты социологиялық бейнелеу ретінде.
- Ана мен бала образының өзгеруін визуалды талдау.
- Қалалық ортадағы ескерткіштер – бұл қала кімдікі? Қала ескерткіштеріне социологиялық талдау.

- Қала тұрғындары және шеттен келгендердің өмір сүру салты.
- БАҚ баспаларындағы фоторепортаж.
- Сауда орталықтарындағы гендерлік мінез-құлық ерекшеліктері (жүйе және сатып алу сипаты).

- Достар тобындағы әлеуметтік ролдер.
- Жарнама мода журналдардағы гендерлік стереотиптердің бейнесі ретінде.

Социологиялық елесті, ойлауды дамытуға және де әлеуметтік шынайылыққа толықтай ену үшін әлеуметтік объектілерге мүмкіндігінше видео суреттемелері бар, енгізілген бақылау қолданылады. Студенттер сауда орталықтарының, мәдениет пен демалыс саябақтарының, кинотеатрлардың, емханалардың және т.б. өмір сүру салтына видео- және бақылау жүргізеді. Бұл жаттығу барысында біз студенттердің социологиялық елестетуін, ойлауын дамытуға тырысамыз, кейбір уақытта бір оқиғаны әртүрлі баяндау арқылы, және әртүрлі ракурс арқылы қол жеткізуге болатынын студенттер негіз ретінде ала алады. Бұл курсты оқыту барысында оқытушы студенттермен бірге «далалық зерттеуге» шығады және бірнеше сағат бойы белгілі бір объектіге енгізілген бақылау жүргізеді. Содан кейін студенттер өз сапарларының егжей-тегжейлі сипаттамасын жазады. Әлеуметтік шынайылыққа бірнеше көзқарас қалыптасады. Студенттер енгізілген бақылау жүргізгенде, олар не көргенін және не естігендерін толықтай сипаттауды үйренеді, зерттеу тақырыбын таңдауға және сол тақырып аясында жинақталуға машықтанады.

Осы жаттығулар барысында біз студенттермен әлеуметтік конструктивизм аясында жұмыс жасаймыз. Біз студенттерге қазіргі кездегі әлем терминдері мен образдарды қалай құрастыруға болатынын көрсетеміз, олар қалай тәжірибие адамының қайталанатын элементтеріне айналатынын, сәйкесінше олардың салдарынан қоғамның әлеуметтік құрылымының элементтері болып табылады. Осы идеяларды дамыта отыра, біз П. Бурдьенің, П. Штомпканың [5] және басқада әлеуметтік конструктивистік идеяларға сүйенеміз.

Визуалды мәдениет міндеттерін үйренуді біз келесідей тәжірибиелер арқасында жетеміз:

- Аудиторияда немесе кинотеатрда бірге кинофильмдерді көру арқылы. Қоғамдық қызығушылық тудыратын фильм таңдаймыз. Фильм таңдау – студенттердің еншісінде.

- Фотосуреттерді визуалды-мәдениетті үйрену үшін қолдану. Біз кинофильмді коруден басқа визуалды құралдарды қолдануға тырысамыз – фотосуреттер. Біз суретке түсіреміз және қызықты фотосуреттерді жинаймыз. Әдеттегідей, біз семестрдің екінші жартысында өтетін бір ортақ және бір жеке тақырып таңдаймыз. Жалпы тақырып бойынша оқытушы студенттермен бірлесе отыра түсірілім үшін объектілерді іріктен алады, суретке түсіреді, және кейін барлық фотосуреттер жалпы қорға жиналады. Студенттер өзінің және ортақ тақырыптары бойынша фотосуреттер арқылы дәлелдей отыра эссе жазады.

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Миллс Ч.Р. Социологическое воображение// Пер.с англ. О. А. Оберемко. Под общей редакцией и с предисловием Г. С. Батыгина. - М.: Издательский Дом NOTABENE, 2001.
2. Бауман З. Мыслить социологически: Учеб. пособие / Пер. с англ. под ред. А.Ф. Филиппова; Ин-т "Открытое общество". - М.: Аспект-Пресс, 1996. - 255 с. - (Открытая книга - открытое сознание - открытое общество. Прогр. "Высш. образование"). - Пер. изд.: Bauman Z. Thinking sociologically. - Basil Blackwell, 1990
3. Бергер П. Приглашение в социологию. Москва: Аспект-Пресс, 1996
4. Барт Р. «Camera Lucida»: Комментарий к фотографии. М.: Ad Marginem, 1997.
5. Штомпка П. Визуальная социология: Фотография как метод исследования. М.: Логос-М, 2007.
6. М.В. Семина, А.О. Ганжа. Визуальная социология и развитие социологического воображения //Журнал социологии и социальной антропологии. 2008. Том XI. № 2